

**«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті»
КЕАҚ жанындағы 8D091 «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыты
(8D09101-Ветеринарлық медицина және 8D09102-Ветеринарлық санитария
білім беру бағдарламалары) бойынша диссертациялық кеңестің
2025 ж. атқарған жұмысы туралы**

ЕСЕП

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ жанындағы диссертациялық кеңес ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2023 жылғы 30 қазандағы № 760 бұйрығы негізінде бекітілді.

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ жанындағы Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелерінің құрамы келесі бұйрықтар негізінде бекітілді:

- «А.Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ» КЕАҚ Басқарма Төрағасы-Ректорының 14.11.2023 ж. № 228 НҚ бұйрығымен.

- университеттің ғылыми кеңесінің шешімі (10.11.2023 ж. № 14 хаттама), және «А.Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ» КЕАҚ Басқарма Төрағасы-Ректорының 06.09.2024 ж. №197 НҚ бұйрығымен (14.11.2023 ж. № 228 НҚ бұйрығына өзгеріс енгізілді).

Диссертациялық кеңестің төрайымы, профессор Р.М. Рыщанова, төрайымның орынбасары, профессор А.А. Тегза, ғалым хатшы, қауымдастырылған профессор А.Т. Елеусизова тағайындалды.

Диссертациялық кеңеске келесі білім беру бағдарламалары бойынша диссертацияларды қорғауға қабылдауға рұқсат етілген: 8D09101 – «Ветеринарлық медицина», 8D09102 – «Ветеринарлық санитария».

1. Өткізілген отырыстар саны туралы мәліметтер

Есеп беріп отырған жылы 7 отырыс өткізілді.

№1 отырыс (12.05.2025 ж.) – докторант Уахит Р.С.-ның «8D09101 – Ветеринарлық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жарияланған мақалалар сериясы нысанында ұсынған диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру.

№2 отырыс (15.05.2025 ж.) – 2 сұрақ қарастырылды:

1. Уахит Р.С. диссертациялық жұмысы бойынша аннотацияға шолу жасау.
2. Докторант Уахит Р.С.-ның ғылыми-зерттеу саласы бойынша диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау. Диссертация бойынша ресми рецензенттерді тағайындау және қорғау күнін бекіту.

№3 отырыс (15.05.2025 ж.) – докторант Байменов Б.М.-тың «8D09102 – Ветеринарлық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысын қорғауға

кабылдау туралы өтінішін қарастыру. Докторлық зерттеу саласына байланысты диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін бекіту. Диссертация бойынша ресми рецензенттерді тағайындау және қорғау күнін бекіту.

№4 отырыс (15.05.2025 ж.) – докторант Бермухаметов Ж.Ж.-тың «8D09101-Ветеринарлық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру. Докторлық зерттеу саласына байланысты диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін бекіту. Диссертация бойынша ресми рецензенттерді тағайындау және қорғау күнін бекіту.

№5 отырыс (24.06.2025 ж.) – «8D09102 – Ветеринарлық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мультиплексті полимеразды тізбекті реакция (ПТР) әдісімен тамақ өнімдердегі *Staphylococcus aureus* және бактерияларға қарсы препараттарға төзімділіктің генетикалық маркерлерін анықтау» тақырыбындағы докторант Байменов Б.М.-тың диссертациялық жұмысын қорғауы.

№6 отырыс (24.06.2025 ж.) – «8D09101 – Ветеринарлық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қостанай облысында ірі қара малдың саркоцистозының таралуы» тақырыбындағы докторант Бермухаметова Ж.Ж.-тың диссертациялық жұмысын қорғауы.

№7 отырыс (25.06.2025 ж.) – «8D09101 – Ветеринарлық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстанның солтүстік және орталық аймақтарындағы қасқырлардың гельминттеріне эпизоотологиялық мониторинг пен молекулалық-генетикалық талдау» тақырыбындағы докторант Уахит Р.С.-ның жарияланған мақалалар сериясы нысанында ұсынған диссертациялық жұмысының қорғауы.

2. Отырыстардың жартысынан кем жұмысына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері - жоқ.

3. Оқу ұйымы келтірілген докторанттардың тізімі

Т.О.Ж.	Білім беру бағдарламасы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері	ЖОО (оқу орны)
Байменов Бахит Муратович	8D09102 – Ветеринарлық санитария	«Мультиплексті полимеразды тізбекті реакция (ПТР) әдісімен тамақ өнімдердегі <i>Staphylococcus aureus</i> және бактерияларға қарсы	<u>Чужебаева Г. Д.</u> – ветеринария ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті. <u>Викторов Д. А.</u> – биология	«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ

		препараттарға төзімділіктің генетикалық маркерлерін анықтау»	ғылымдарының кандидаты, озық инженерлік мектептің Жетілдірілген зерттеулер және әзірлемелер департаментінің директоры, «Ульяновск мемлекеттік университеті» ФМБМ ЖББ. (Ульяновск қ, Ресей Ф.).	
Бермухаметов Жанайдар Жағпарович	8D09101 – Ветеринарлық медицина	«Қостанай облысында ірі қара малдың саркоцистозының таралуы»	<u>Сүлейманова К.У.</u> – биология ғылымдарының кандидаты, жаратылыстану ғылымдары кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «Академик Зулхарнай Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті»; <u>Petras Prakas</u> – PhD, «Молекулярлық экология зертханасының» бас ғылыми қызметкері, Табиғи ғылыми орталықтың Мемлекеттік ғылыми-зерттеу институты (Вильнюс қ., Литва).	«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ
Уахит Рабиға Сейтбатталқызы	8D09101 – Ветеринарлық медицина	«Қазақстанның солтүстік және орталық аймақтарындағы қасқырлардың гельминттеріне эпизоотологиялық мониторинг пен молекулалық-генетикалық талдау»	<u>Киян В.С.</u> – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессоры, «Ұлттық биотехнология орталығы» ЖШС биоалуантүрлілік және генетикалық ресурстар зертханасының меңгерушісі; <u>Лидер Л.А.</u> – ветеринария ғылымдарының кандидаты, «Ветеринарлық медицина» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КЕАҚ.	«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КЕАҚ

2025 жылы диссертациялық кеңеске қорғау үшін 3 докторант өз құжаттары мен диссертациялық жұмыстарын ұсынды.

4. Есеп беру жылының диссертациялық кеңесінде қарастырылған диссертациялар жөніндегі қысқаша талдау

4.1 Диссертациялық жұмыстардың тақырыбын талдау

PhD докторы дәрежесін іздену үшін орындалған диссертация ветеринария саласындағы қолданбалы және іргелі зерттеулер бойынша орындалды.

Байменов Бахит Муратович «Мультиплексті полимеразды тізбекті реакция (ПТР) әдісімен тамақ өнімдердегі *Staphylococcus aureus* және бактерияларға қарсы препараттарға төзімділіктің генетикалық маркерлерін анықтау» атты диссертациялық жұмысын ұсынды (қорғау тілі - орыс), тақырып ветеринарияның өзекті мәселелеріне және Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Антибиотикке төзімділіктің таралуын қадағалау ветеринарияның стратегиялық міндеті болып табылады және ауыл шаруашылығы жануарлары мен мал шаруашылығы өнімдеріндегі қоздырғыштардың антибиотикке төзімділігін бақылауды қамтиды. Жұмыс, жұкпалы аурулар қоздырғыштарының бактерияға қарсы препараттарға (АБП) төзімділігі саласындағы зерттеулерге, атап айтқанда *S.aureus* төзімділігін диагностикалауға арналған. Бұл бағыттың болашағы зор молекулалық-генетикалық әдістердің (ПТР және секвенирлеу) қолдануы болып табылады. Жұмыс барысында, микробқа қарсы препараттарға төзімділік гендерін (*blaZ*, *ermC* және *tetK*) бір мезгілде анықтай отырып, *S.aureus* экспресс-сәйкестендіру үшін мультиплексті ПТР-РВ әзірленді. Диссертациялық жұмыстың алынған нәтижелері сабақтарды өткізу кезінде пайдаланылады және Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан техникалық университетінің зертханасына енгізіледі.

Бермухаметов Жанайдар Жагпаровичтің «Қостанай облысында ірі кара малдың саркоцистозының таралуы» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс (қорғау тілі - орыс), ветеринарияның өзекті мәселелеріне және Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Жұмыс ветеринариялық паразитология саласындағы зерттеулерге, атап айтқанда ірі кара малдың саркоцистозын зерттеуге арналған. Қостанай облысында алғаш рет эпизоотиялық жағдай және ірі кара мал арасында саркоцистозды инвазияның таралу дәңгейі зерттелді. Қостанай өңірінің аумағында ірі кара малды жұқтыратын саркоцисталардың түрлері анықталды. Иттерді дегельминтизациялаудың ірі кара малдағы инвазияның кеңдігіне әсері бағаланды. Бақылаудың тиімділігін арттыруға және саркоцистоздың таралуын азайтуға бағытталған жетілдірілген және ғылыми негізделген алдын алу шаралары ұсынылды.

Уахит Рабиға Сейтбатталқызының «Қазақстанның солтүстік және орталық аймақтарындағы қасқырлардың гельминттеріне эпизоотологиялық мониторинг пен молекулалық-генетикалық талдау» (қорғау тілі – орыс) тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ветеринарияның өзекті мәселелеріне және Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Жұмыс ветеринариялық паразитология, зоология және молекулалық биология саласындағы зерттеулерге, атап айтқанда жабайы жыртқыштардың (қасқырлардың) паразитофаунасын зерттеуге арналған. Алғаш рет солтүстік және орталық Қазақстан аумағында заманауи зертханалық және биоинформатикалық әдістерді қолдана отырып, алты өңірді қамти отырып, қасқыр (*Canis lupus*) гельминттеріне кешенді эпизоотологиялық және молекулалық-генетикалық зерттеу жүргізілді. ПТР және рибосомалық пен митохондриялық гендердің (*cox1*, *nad1*, *SSU* ррнк және т.б.) секвенирлеу арқылы *Trichinella nativa*, *Echinococcus granulosus*, *Toxascaris leonina*, *Dirofilaria repens* және *Alaria alata* сияқты зоонозды түрлердің айналымы расталды. Анықталған паразиттердің нуклеотидтер тізбегі GenBank халықаралық деректер базасында сақталды, бұл жұмыс нәтижелерін халықаралық ғылыми қоғамдастық үшін қолжетімді болып етеді. MEGA v.1.1 бағдарламасында максималды ықтималдылық (ML) әдісімен эволюциялық жақындық ағаштарын құра отырып, анықталған түрлерге филогенетикалық талдау жүргізілді, бұл паразиттердің түрге жататындығының дұрыстығын және олардың генетикалық дифференциациясын растайды. Гельминттерді молекулярлық-генетикалық сәйкестендіру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

4.2 Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясымен қалыптастырып ұсынған ғылым дамуына қатысты «Ғылым туралы» Заңының 18-бабы 3-тармағына сәйкес бағыттармен және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларымен байланысты.

Б.М. Байменовтың «Мультиплексті полимеразды тізбекті реакция (ПТР) әдісімен тамақ өнімдердегі *Staphylococcus aureus* және бактерияларға қарсы препараттарға төзімділіктің генетикалық маркерлерін анықтау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 267 «Білім мен ғылыми зерттеулердің қолжетімділігін арттыру» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде ҚР АШМ қаржыландырған BR10764944 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне талдамалық бақылау және мониторинг жүргізу әдістерін әзірлеу» ғылыми-техникалық бағдарламасы, 101 «Ғылыми зерттеулер мен іс-шараларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру» кіші бағдарламасы, «Сүт өнімдерінде *Staphylococcus aureus* және *Streptococcus agalactiae* анықтау және антибиотикке төзімділік локустарын анықтау үшін нақты уақыттағы мультиплексті ПТР әзірлеу» жобасы шеңберінде орындалды.

Ж.Ж. Бермухаметовтың «Қостанай облысында ірі кара малдың саркоцистозының таралуы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеулері 2 ғылыми бағдарламалар негізінде орындалды: 1) 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасы, 102 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» кіші бағдарламасы бойынша «Азық-түлік қауіпсіздігі жағдайында үй жануарларында саркоцистоздың таралуын бақылау» (AP14869992) жобасы бойынша нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламаның аясында; және 2) 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасы, 101 «Ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру» кіші бағдарламасы бойынша BR249927852 «Ғылыми-зерттеу технологиялық орталығын құрастыруымен, Қостанай облысының агроөнеркәсіптік кешенінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету бойынша кешенді зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу» жобасы бойынша ғылыми бағдарламаны іске асыруға мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалды.

«Қазақстанның солтүстік және орталық аймақтарындағы қасқырлардың гельминттеріне эпизоотологиялық мониторинг пен молекулалық-генетикалық талдау» тақырыбындағы Уахит Р.С.-ның диссертациялық зерттеуі ҚР БҒМ Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен 2020-2022 жылдары аралығында «Молекулярлық биотехнология әдістерімен жабайы жыртқыштар арасында кең таралған паразиттердің түрлерін анықтау әдісін құрастыру» AP08052252 жобасы шеңберінде орындалды.

4.3 Диссертация нәтижелерін өндіріске енгізу деңгейін талдау

Б.М. Байменов жүргізілген зерттеулер негізінде әзірленіп, ұсынылды:

- *S. aureus* штаммдарын және бактерияға қарсы препараттарға төзімділіктің генетикалық маркерлерін (*blaZ*, *ermC* және *tetK*) бір уақытта анықтауға арналған мультиплексті ПТР-РВ негізіндегі жинақ.

- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы №7-1/625 бұйрығымен бекітілген «Жана, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына нормативтік-техникалық құжаттаманы келісу қағидалары» сәйкес, әзірленген «Сүт өнімдеріндегі *S. aureus* анықтау және оның антибиотикке төзімділігін локустарын сүт өнімдеріндегі ПТР әдісімен анықтау үшін нақты уақыттағы мультиплексті ПТР-ді пайдалану» жөніндегі 3 құрылымдық-нормативтік құжаттан тұратын нормативтік-техникалық құжаттамасы:

1. дайындау және бақылау жөніндегі нұсқаулық (А қосымшасы);

2. қолдану жөніндегі нұсқаулық (Б қосымшасы);

3. 034-2023 ұйым стандарты (В қосымшасы).

- диагностикалық зертханалардың мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға және ветеринариялық мамандықтардың докторанттарына арналған «Стафилококкоз, сальмонеллез және эшерихиоз қоздырғыштарын зертханалық диагностикалау және сәйкестендіру» тәжірибелік ұсыныстары;

- диагностикалық зертханалардың қызметкерлерге, оқытушыларға, студенттерге, ветеринариялық мамандықтардың магистранттары мен докторанттарына арналған «Энтеропатогенді зооантропоноздық аурулардың қоздырғыштарын диагностикалау» атты оқу құралы;

- «Патогендік микроорганизмдердің микробқа қарсы препараттарға сезімталдығын анықтау» әдістемелік құралы.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚОУ-нің ауыл шаруашылығы ғылымдары факультетінің теориялық және тәжірибелік сабақтарын өткізу және Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан техникалық университетінің зертханасында зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде пайдаланылады.

Бермухаметов Ж.Ж. жүргізілген зерттеулер негізінде әзірленіп, ұсынылды:

- «Қостанай облысындағы ірі қара малдың саркоцистозы (таралуы, диагностикасы және профилактикасы)» тәжірибелік ұсыныстары, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚОУ АШҒФ Әдістемелік кеңестің көшірмесі №1, 23.01.2025 ж.

- «Қостанай облысындағы ірі қара малдың саркоцистозы» монографиясы, ISBN 978-601-356-445-6. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚОУ-нің Ғылыми кеңесі ұсынған, хаттама №13, 27.09. 2024ж. Қостанай: ҚОУ басылым, 2024. - Б.164.

- АҚШ Ұлттық биотехнологиялық ақпарат орталығының (NCBI) GenBank дерекқорына «Қостанай облысының ірі қара малының бұлшықеттерінен оқшауланған *S. cruzi*, *S. bovifelis* және *S. dehongensis* нуклеотидтер тізбегі» 57 нуклеотидтер тізбегі енгізілді.

Өндірістік жағдайда тиімді емдеу хаттамасы сыналды және енгізілді. Иттер арасында саркоцистоздың таралуын болдырмауға бағытталған профилактикалық шаралар жетілдіріліп, ұсынылды. Жұмыс нәтижелері Литва денсаулық ғылымдары университетінің ірі жануарлардың ветеринарлық клиникасына, Ұлттық биотехнология орталығына және шаруашылықтарға енгізу актілерімен расталды. Сондай-ақ, жүргізілген зерттеулердің нәтижелері Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінде, Литва денсаулық ғылымдары университетінде және Улудаг мемлекеттік университетінде паразитология курсы бойынша білім беру процесіне енгізілді, бұл зерттеулердің ғылыми және практикалық маңыздылығын растайды.

Уахит Р.С.-ның диссертация барысында алынған ғылыми нәтижелері қолданбашы мәнге ие және ветеринария ғылымы тәжірибесіне мен білім беру саласына енгізілген. Жабайы етқоректілердің гельминттерін анықтауға арналған молекулалық-генетикалық тәсілдер қасқырлардағы гельминттерді молекулалық-генетикалық сәйкестендіру әдістері бойынша әдістемелік ұсыныстарға негіз болды.

Жұмыста сипатталған әдістемелер эпизоотологиялық мониторингпен және зооноздық паразиттерді анықтаумен айналысатын зертханаларда

молекулярлық диагностика жүргізу кезінде пайдаланылуы мүмкін. Диссертация нәтижелері эпизоотиялық жағдайды бағалау кезінде, сондай-ақ жабайы және үй жануарлары арасында паразиттік аурулардың таралуын болдырмау үшін ветеринариялық профилактикалық іс-шаралар жоспарын әзірлеу кезінде ветеринариялық мамандардың практикалық қызметінде қолданылады.

Жұмыс нәтижелері сыналды және қасқыр гельминттерін молекулярлық сәйкестендіру тәсілдері бойынша «Қасқыр гельминттерін молекулярлық сәйкестендіру тәсілдері тәжірибелік ұсыныстар» әдістемелік ұсыныстар түрінде ресімделді /Дайынд. Уахит Р.С., Киян В.С./ «Ұлттық биотехнология орталығы» ЖШС, ҚР ДСМ. - Астана, 2024. – 27 б.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау

Ветеринария ғылымдары жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында (хаттамалар №2, №3, №4 15.05.2025 ж.) қорғалатын диссертациялық жұмыстар бойынша ресми рецензенттер қаралды және бекітілді.

Рецензенттер ретінде жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың ғылыми жобаларды орындайтын, халықаралық ғылыми басылымдарға жарияланымдар жасайтын, сәйкесімді мамандықтар бойынша ғылыми атақтары, дәрежелері бар жетекші ғалымдар тағайындалды. Рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық Кеңес рецензенттер мен ғылыми кеңесшілердің бір-бірінен тәуелсіздік қағидатын басшылыққа алды.

Б.М. Байменовтың диссертациялық жұмысы бойынша келесі ресми рецензенттер болып тағайындалды:

Сарсембаева Нуржан Билтебаевна – ветеринария ғылымдарының докторы, ветеринарлық-санитарлық сараптау және гигиена кафедрасының профессоры, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, Алматы қ., Қазақстан; мамандығы «16.00.03 – Ветеринариялық микробиология, вирусология, эпизоотология, микология, және иммунология».

Куйбагаров Марат Амангельдыевич – ветеринария ғылымдарының кандидаты, қолданбалы генетика зертханасының бас ғылыми қызметкері, «Ұлттық биотехнология орталығы» ЖШС, Астана қ., Қазақстан, мамандығы «16.00.03 – Ветеринариялық микробиология, вирусология, эпизоотология, микология, және иммунология».

Ж.Ж. Бермухаметовтың диссертациялық жұмысы бойынша келесі ресми рецензенттер болып тағайындалды:

Кармалиев Рашид Сагитович – ветеринария ғылымдарының докторы, «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ «Ветеринария және агротехнология» институтының қауымдастырылған профессоры, Уральск қ., Қазақстан, мамандығы «03.00.19 – Паразитология».

Усенбаев Алтай Егембердиевич – ветеринария ғылымдарының кандидаты, ветеринариялық медицина кафедрасының қауымдастырылған профессоры,

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Астана қ., Қазақстан.

Р.С. Уахиттың диссертациялық жұмысы бойынша келесі ресми рецензенттер болып тағайындалды:

Кармалиев Рашид Сагитович – ветеринария ғылымдарының докторы, ветеринария және агротехнология институтының қауымдастырылған профессоры, «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Уральск қ., Қазақстан; мамандығы «03.00.19 – Паразитология».

Сулейменов Маратбек Жаксыбекович – ветеринария ғылымдарының кандидаты, профессор, ҚР Жаратылыстану ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒК-нің ШЖҚ РМК «Зоология институтының» жетекші ғылыми қызметкері, Алматы қ., Қазақстан; мамандығы «03.00.20 – Гельминтология».

Пікір берушілер ветеринария саласындағы, атап айтқанда докторанттардың ғылыми зерттеу саласындағы мамандар болып табылады және «16.00.03 – Ветеринариялық микробиология, вирусология, эпизоотология, микология, және иммунология», «03.00.20 – Гельминтология», «03.00.19 – Паразитология» мамандықтары бойынша диссертациялар қорғады. Ізденушілердің диссертацияларының бағытына, оның ішінде рецензияланатын шетелдік ғылыми басылымдарға сәйкес келетін ғылыми жарияланымдары бар.

Ресми рецензенттердің пікірлері диссертациялық кеңес туралы ереженің талаптарына сәйкес ресімделді. Жалпы алғанда пікір берушілер ұсынылған диссертацияларға мұқият талдау жүргізілді, объективті баға берілді, ал жұмыстары қойылатын талаптарға сай болды.

6. Ғылыми кадрларын дайындау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар

Докторантурада оқу мерзімін ұлғайту. Докторантурада оқу ұзақтығын 3 жылдан 4 - 4.5 жылға дейін ұлғайту ұсынылады. Бұл Scopus және Web of Science деректер базаларына кіретін рейтингтік халықаралық ғылыми журналдарда нәтижелерді дайындауды және жариялауды қоса алғанда, диссертациялық зерттеудің ғылыми құрамдас бөлігін орындауға қосымша кезеңді (1-1, 5 жыл) бөлуге мүмкіндік береді. Осы ұсынысты іске асыру диссертациялық зерттеулердің сапасын арттыруға, докторанттардың жарияланымдық белсенділігінің өсуіне және халықаралық деңгейде отандық ғылыми кадрлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін болады.

7. Мамандықтар арасында философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор атағына іздену бойынша қарастырылған диссертациялар туралы мәліметтер

	Білім беру бағдарламасы	
	8D09101 – Ветеринарлық медицина	8D09102 – Ветеринарлық санитария
Қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	2	1
Қарастырудан бас тартылған диссертациялар (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	-	-
Пікір берушілер тарапынан теріс пікір алынған диссертациялар (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	-	-
Қорғау нәтижелері бойынша оң шешім қабылданғаны	2	1
Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім қабылданғаны (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	2	1
Оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны	1	-

Диссертациялық кеңестің төрайымы
вет.ғ.кандидаты, профессор

Рышанова Р.М.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы
PhD, қауым. профессор

Елеусизова А.Т.